



Джуманазаров А.А.

## ЗАҢСЫЗ ЖОЛМЕН АЛЫНГАН АҚША ҚАРАЖАТЫН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ МУЛІКТІ ЗАҢДАСТЫРУ ӘРЕКЕТТЕРІНІң ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ

*В данной статье рассматривается история становления и развития легализации денежных средств и других имуществ, приобретенных незаконным путем и системы законодательства борьбы с ними.*

*In this article is considered the history formation and development of legalizations of money resources and others property acquired not by the law of system of the legislation of struggle with them.*

Заңсыз жолмен алынған табыстардың заңдастырылуымен күресуге бағытталған зан актілерінін пайда болу тарихы, қылмыстық жолмен алынған ақша қаражаттарының заңды экономикаға қауіптілігін түсінуімен байланысты. Осы қаражаттар, ірі трансұлттық корпорациялардың табыстары деңгейнен жеткен кезде әлемдік қаржылық-экономикалық жүйенін тұрақтылығына ықпалын тигізуге қабілетті және тек қана қылмыстық қауіп-қатер шегінде нәтижелі түрде қарсы шығуға мүмкіндігі бар, тәуекелдін маңызды факторына айналады [1.112].

Алғашкы рет, заңдастыру (ақшаны, мұлікті және т.б.) термині XX-шы ғасырдың 20-шы жылдарының сонында АҚШ-тың Чикаго қаласында, осы түсінікті алкогольды ішімдіктердің заңсыз айналымы нәтижесінде алынған ақша қаражаттарын заңды айналымға енгізуімен байланысқан әрекеттерді белгілеу мақсатында пайдалана бастаған [2. 311-315].

1920-шы жылы АҚШ-тың Конституциясына 18-ші түзету ретінде Конгрессспен қабылданған, «құрғақ заңы» (сухой закон) деп аталатын зан күшіне енген. Оның ішінде әрбір спирттік ішімдіктерді өндіруге, сатуға, тасымалдауға, сонымен бірге АҚШ-тың шекарасына кіргізуға және шығаруға қатан тыйым салынған болатын. Ал тәжірбиеде, осы заңды іске асыру, орта класстары ел тұрғындары тарапынан батыл қарсылыққа тап болды, өйткені оның өкілдері, басым түрде әртүрлі тәсілдер арқылы алкогольді ішімдіктер айналымына қатысы болған. Сол себепті аталған зан, алкогольді бизнеске моральдік және мұліктік тұрғыда маңызды көлемдегі зиян келтірілген болған.

Осының нәтижесінде, алкогольді ішімдіктердің жасырын өндірісі және оларды контрабандалық жолмен алып келу пайда болып, үлкен көлемдегі айналымы қалыптасқан. Алкогольді ішімдіктерді «қара базарда» өте үлкен көлемде үлкен бағага сату басталды, табыстары алкогольді ішімдіктерді заңсыз сату және контрабандасымен байланысты ұйымдастырылған қылмыстық топтар мен басқа да қылмыстық ұйымдардың пайда болуы орын алған [3. 24].

Осы жағдай, алкогольдің заңсыз айналымынан үлкен табыс алып отырған қылмыскерлердің қалыптасып тез арада өсуіне он ықпалын тигізді. Сол себепті осындай жағдайларда алынған табыстарды заңдастыру, жинақталған капиталдарды кейінгі ұдайы өндіріс үшін пайдалану және заңды айналымға енгізу жөніндегі мәселе туындағы.



Барлық елдер арасында, қылмыстық жолмен алынған табыстардың заңдастырылуына қарсы күрес американдық тәжірибеге ұқсас, өйткені дәл осы мемлекетте алғаш рет 1970-ші жылдардан бастап заңсыз жолмен табылған ақшаны заңдастырумен белсенді түрде күрес басталған болатын. Дәл осы уақытта, заңсыз жолмен табылған ақшаны заңдастырумен күресу бағытындағы, көзіргі кездегі мемлекет саясатын құрудың негізін қалаған үш зан қабылданды: «Ұйымдастырылған қылмыспен күресу туралы», «Есірткі таралуына бақылауды күштейту туралы» және «Банктік құпия туралы» [4.7].

АҚШ-тын соғызы зан шығарушылық ынтасының бірі, 1995-ші жылы «Ақшаны заңдастыруға және жалған ақша шығаруды тоқтатуға бағытталған шаралар туралы» зан актісінін қабылдануы болған.

Жоғарыда келтірілген зан шығарушылық актілерінен басқа, АҚШ-тын Үкіметі, ақшаны заңдастыру үрдісін қадағалап, заңсыз жолмен табылған ақша қаражаттарын заңдастырумен күресетін арнағы агенттік (қаржы барлау агенттігін) құрады.

Қоғамға қарсы құбылыс ретінде, қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру өзінен-өзі кездейсоқ пайда болған жоқ, ол белгілі себептердің жиынтығынан пайда болған.

Қоғамдағы қылмыстық жолмен табылған ақша қаражаттарын немесе басқа мулікті заңдастырудын пайда болуына және таралуына жағдай жасайтын екі негізгі жағдайға назар аудару қажет. Жеке сектордың интенсивті даму жағдайында ақшаны заңдастыру бойынша опрерацияларды іске асыру барысында тек мемлекет тарапынан қатан бақылау болмағандаған, «жасырын мүмкіндіктер» пайда болады. Заңсыз табыстарды заңдастыруға жағдай жасайтын факторлар арасында, Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандары, бірінші катарға, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды қоюы тегіннен тегін емес. Дәл осылар, қылмыстқ әрекеттердің заңды әрекеттермен тығыз байланысуына мүмкіндік береді, сонымен бірге, тәжірибеде занға сай әрекеттер мен заңсыз әрекеттер арасындағы шекаралар жойылады. Осында жағдайдың туындауы, ен алдымен қоғамның экономикалық қызметіндегі жеке сектордың дамуына мемлекеттік бақылаудың заңды тетіктері мақсатқа сәйкес болмауымен себептеледі.

Қылмыстық табыстарды заңдастыру мәселесі, соғызы он жылда халықаралық мәсселеге айналып отыр. Әлемдегі қылмыстық немесе басқа заңсыз әрекеттер нәтижесінде алынған табыстарды заңдастыру экономикалық қауіпсіздіктің ғаламдық қауіп-қатеріне айналды, соңдықтан да кез келген мемлекеттің осы аса қауіпті әрекетпен ұлттық және халықаралық деңгейде күресу шараларын қабылдауы талап етілді.

Әркениетті елдердің барлығында қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға қарсы әрекет жасау нәтижелерін жақсарту бойынша кешенді іс шаралар үнемі жүргізіп келеді.

Мысалы, АҚШ-та көзіргі уақытта заңсыз жолмен табылған ақшаны заңдастыруға қарсы әрекет етуі мүмкін бола алатын тәсілі ретінде «жасанды интеллект» тәсілін пайдалану мәселесі белсенді түрде талқыланады. Американдық қаржылық институттармен күнсайын іске асырылынатын 700 000-дан астам электронды ақша аударымдарын бақылауға және бесітке мүмкіндік беретін супербағдарламаны шығару жоспарлып отыр.

Заңсыз жолмен табылған ақшаны заңдастыруымен күрессе бағытталған зан құжаттарын құрастыру ен алдымен, осы мәселенің маңыздылығын бірінші түсінген мемлекеттерде (мысалы АҚШ-та, Ұлы Британияда), ал содан кейін, халықаралық-құқықтық деңгейде де іске асырылып отыр. Басқаша айтқанда, зерттелетін заншығарушының дамуы «тарихи индукцияға» - жекеден жалпыға бағынатын. Ол біріншіден англосаксондық құқық жүйесіне сай казуистикалық болғызбауға талпынуымен, екіншіден – халықаралық-құқықтық тәжірибесі, өзінін анықтауы бойынша, бұрынғыға қарағанда әрқылды толықтыру және аса ойланып жасалған болғанымен ерекшеленеді.

Халықаралық-құқықтық актілер мен арнағы әдебиеттерді зерттеу көрсеткеніндей қылмыстқ жолмен алынған табыстарды заңдастыруға қарсы әрекет жасау бағытындағы алғашқы құжаттар 1988-ші жылымен белгіленеді. 1988-ші жылдың желтоқсан айында Базель қаласында, «Улкен Жетінің» Орталық банктерінің басшылары, криминалды бизнестен алынған табыстарды заңдастыруына жататын принципиалдық ережелер бойынша Декларация қабылдады. Осы құжаттың ішінде қоғамның банктерге сенімі, олардың қылмыскерлерімен байланыстары себебінен үзіл мүмкіндігі жөнінде жазылған және ақшаларды банктік жүйе арқылы заңдастыруымен күрессу барысын басшылыққа алу қажетті болатын кейбір принциптері көрсетілген [5. 18]:

- клиенттін жеке тұлғасын анықтауы;
- қаржылық операцияларға байланысты барлық заңдар мен нормативті актілерді бұлжытпай сактау және ақшаны заңдастыру мақсаты болуы мүмкін және сезік тудыра алатын келісімдерге қатысадан бастартуы;



-клиент жөнінде құпиялыш мәліметтер санатынан тыс мәліметтер бойынша құқық қорғау органдарына көмек көрсету.

Басқа құжатка, 1988-ші жылы 20-шы желтоқсан айында қабылданған «Есірткі заттардың және психотроптық дәрілердің заңсыз айналымына қарсы қаресу туралы» Бірлескен Ұлттар Ұйымының конвенциясы жатады (Вена конвенциясы). ҚСРО-да Вена конвенциясы 1990-шы жылдың 7-ші қазанында ғана расталып, 1991-ші жылдың 17-ші маусызында заңды күшіне енген.

ТМД елдеріне, онын ішінде Қазақстан Республикасына заңсыз жолман табылған ақшаны заңдастырудың бір ғана тәсілі белгілі болғаны қызықты. Олар көленкелі жолмен табылған ақшаны шет мемлекеттерге банктер және офшорлық зоналарда тіркелген серіктестіктерін пайдалану арқылы аударуымен байланысты. Осыдан, әртүрлі мемлекеттердің заңшығарушыларын салыстырмалы зерттеу, қылмыстық және нақты әрекеттерді жазалау жайлы мәселелерді шешу барысында, бөтен елдердің қателіктерін және кемшиліктерін анықтауға және ескеруге мүмкіндік беретіні жөнінде корртынды жасады.

Қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға қарсы әрекет жасау барысында тарихи тәжірбені пайдалана отырып келесілерді айтуда болады:

1. Ақша қаражаттарын заңдастыруымен қаресудің халықаралық және шетелдік тәжірбесін қолдану, қылмыстың осындай түріне қарсы әрекет жасау бойынша ұлттық қылмыстық-құқықтық шаралар кешенін қурастыру мүмкіндігін берген.

2. Қылмыстық табыстарды заңдастыруды мәселесі, соңғы жылдарда, халықаралық мәселеге айналды. Сонымен бірге, әлемдегі қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру – экономикалық қауіпсіздіктің ғаламдық қауіп-қатеріне айналды. Осыған орай мемлекет тараапынан, осы қоғамға қауіпті әрекетпен ұлттық және халықаралық деңгейде келісе отырып қаресу шараларын қолдануды талап етті.

3. Заңсыз жолмен алынған табыстарды заңдастыруға қарсы әрекет жасаудың ен бай тәжірбесі АҚШ-та, өйткені 1970-ші жылы дәл осы елде, «кір ақшаны» заңдастыруымен белсенді қарес басталды. Рессей және басқада ТМД елдері үшін ұлттық заң шығару жүйесін жетілдіруде, табыстарды заңдастырумен қаресуде пайдаланылатын қылмыстық-құқықтық шараларды пайдалануда Қытай тәжірбесі өте маңызды.

4. Қылмыстық жолмен табылған ақша қаражаттарын заңдастырудың анықтамасы шет елдердің қылмыстық кодекстерінің көбінде бар, олардың бәрі мазмұны бойынша өзара ұқсас. Осы қылмысты саралау жағдайларын түсіндіру әртүрлі жолдармен іске асырылады. Солай Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, саралау белгісі ретінде, тек қана ұйымдастырылған қылмыстық топпен жасау емес, онымен бірге, қылмыстық бірлестіктермен жасау да бар (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 193-ші баптының 3-ші бөлігі). Керісінше, Украинаның Қылмыстық кодексі, ұйымдастырылған қылмысты аса қауіпті ретінде қарастырмайды. Польшаның Қылмыстық кодексінің §5 299-ші баптында - басқа тұлғалармен келісімде әрекетті жасаудың түсіндіреді.

### *Әдебиеттер*

1. Мельникова В.Е. Глава 8. Преступления в сфере экономической деятельности. В кн.: Уголовное право РФ / Под. ред. проф. Б.В. Здравомыслова. М.: Юристъ, 2000. С. 112.
2. Иванов Э.А. Отмывание денег и правовое регулирование борьбы с ним. М.: Российский Юридический изательский Дом, 1999. С. 24.
3. Бейсенов Б.С. Алкоголизм: уголовно-правовые и криминологические проблемы. М., 1981. С. 10-11.
4. Болотский Б.С. Борьба с отмыванием доходов индустрии наркобизнеса в странах Содружества. М.: ООО Изд-во «Юрлинформ», 2001. С. 113.
5. Михайлов В.И. Противодействие легализации доходов от преступной деятельности. СПб.: Юридический центр Пресс, 2002. С. 18.